

## 2009 жылдың көктемінде және күзінде шақыру жасындағы азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 27 мамырдағы N 126 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 3 маусымда N 7-8-89 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 20 сәуірдегі N 104 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 20.04.2010 N 104 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 8 тармақшасын, Қазақстан Республикасының "Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19, 23 баптарын және Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылдың 1 сәуіріндегі "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасындағы азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 779 санды Жарлығын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылдың 1 сәуіріндегі N 779 санды Жарлығын іске асыру туралы" N 543 санды қаулысын басшылықта алып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Казталов аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне (Е. Кабиров) (келісім бойынша) 2009 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айлары аралығында шақыру күндеріне ер азаматтарды әскери қызметке шақыру және оларды белгіленген мерзімде әскер қатарына жөнелту ұсынылсын.
2. Аудандық әскерге шақыру комиссиясы және аудандық медициналық комиссия құрамы 1 қосымшаға сәйкес құрылсын.
3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Ауылдық округ әкімдері азаматтарды толық әскери қызметке шақыру, оларды әскер қатарына жөнелту үшін уақытында қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жеткізуді қамтамасыз етсін.

5. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Ж. Шакуов) аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің сұранысына қарай қажетті қоғамдық қызметкерлермен қамтамасыз етсін.

6. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі, Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау департаментінің Касталов ауданының "Касталов аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (З. Мағзомов) (келісім бойынша) мен Батыс Қазақстан облысының әкімдігі, Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау департаментінің "Касталов аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (Е. Рабаев) (келісім бойынша):

1) шақыру кезеңіне арнап қажетті мөлшерде жоғары білікті тәжрибелі дәрігер–мамандар, медбикелер бөлу және аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімді медициналық жабдықтармен, аспаптармен қамтамасыз ету;

2) шақыру комиссиялары емдеу мекемелеріне жіберген шақырылушыларды стационарлық және емханалық тексеруден өткізу;

3) осы мақсатқа арнап аудандық ауруханадан орын бөлу ұсынылсын.

7. Аудандық ішкі істер бөліміне (Б. Бисенов) (келісім бойынша):

1) шақыру пунктінде әскерге шақырылушы азаматтардың қоғамдық тәртіпті сақтауын қамтамасыз ету;

2) шақырудан жалтарған адамдарды іздестіру жұмыстарын ұйымдастыру үшін арнайы топ құру ұсынылсын.

8. Аудандық қаржы бөлімі (Т. Мұқанов) азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру, оларды әскери бөлімге алдыру жөніндегі шараларды орындауға байланысты шығындарға аудандық бюджеттен қаралған ақша қаражатын бөлсін.

9. Қорғаныс істері жөніндегі бөліміне (Е. Кабиров) (келісім бойынша):

1) шақырудың барысы туралы аудан әкіміне дер кезінде мәлімдеп отыру;

2) қорытынды ақпаратты 2009 жылдың 10 шілдесіне және 2009 жылдың 11 желтоқсанына тапсыру ұсынылсын.

10. Осы қаулы 2009 жылғы 17 сәуірден туындаған құқықтық қатынастарға қолданылатын аталған қаулының 1, 2, 3, 5, 8–тармақтарын қоспағанда, ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

11. Қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Молдашевқа жүктелсін.

Аудан әкімі

E. Қалиев

Аудан әкімдігінің

2009 жылғы 27 мамырдағы

N 126 қаулысына

N 1 қосымша

**Ескерту. 1 қосымшаға өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2009.10.13 N 251 Қаулысымен.**

**Аудандық әскерге шақыру комиссиясының  
құрамы:**

1. Кабиров Ерлан Рысқалиұлы – аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы,  
комиссия төрағасы
2. Өміралиев Қайыржан Мақсotұлы – аудан әкімі  
аппаратының бас  
маманы комиссия  
төрағасының орынбасары

**Комиссия мүшелері:**

1. Ғұмарова Ботакөз – аудандық аурухана Төлеугалиқызы дәрігері медициналық комиссия төрағасы
2. Амірғалиев Маханбет – аудандық ішкі істер Шайқыұлы бөлім бастығының орынбасары
3. Қуанышева Нұржамал Ишанқызы – медбике, комиссия хатшысы

**Комиссияның резервтік  
құрамы:**

1. Ахонов Арман Жәрдемғалиұлы – аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бөлімше бастығы, комиссия төрағасы
2. Нұрмақов Мұқтар Серікұлы - комиссия төрағасының орынбасары, аудан әкімі  
аппаратының ұйымдастыру және кадрлармен жұмыс

бөлімінің менгерушісі

### **Комиссия мүшелері:**

1. Сапахова Гүлнар – жасөспірімдер  
Мутиғоллақызы дәрігері, комиссия  
төрайымы
2. Сарсенбаев Руслан – аудандық ішкі істер  
Набиоллаұлы бөлімі бастығының  
орынбасары
3. Ищенова Гүлнар Қабайқызы – комиссия хатшысы,  
медбике

### **Аудандық медициналық комиссия құрамы:**

Медициналық комиссияның төрағасы, дәрігер  
дәрігер-мамандар:

хирург

көз дәрігері

нарколог

невропатолог

тері венеролог

дерматолог

рентгенолог

тіс дәрігері

отоларинголог

терапевт

психиатр

орта буын медицина қызметкерлері:

көз дәрігерінің медбикесі

нарколог дәрігерінің медбикесі

nevropatolog дәрігерінің медбикесі

дерматолог дәрігерінің медбикесі

рентгенолог дәрігерінің медбикесі

тіс дәрігері дәрігерінің медбикесі

отоларинголог дәрігерінің медбикесі

терапевт дәрігерінің медбикесі

психиатр дәрігерінің медбикесі

медбикесі

Аудан әкімдігінің  
2009 жылғы 27 мамырдағы  
N 126 қаулысына  
N 2 косымша

## **Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі**

## кестенің жалғасы

13	Ақпәтер	39									
14	Жаңајол	46									
15	Көктөрек	32									
16	Қараөзен	51									

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК